

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына, Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ұңғылау және тазарту машиналарының жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 113 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына, Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позициялар алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

А. Слепнев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 113 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позициялар атауы	Қосымша өлшем бірлігі
8430 41 000 9	--- өзгелері	дана
8430 50 000 1	--жерасты жұмыстары үшін арнайы әзірленген	дана

Еуразиялық экономикалық

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КІШ ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позициялар атауы	Қосымша өлшем бірлігі
	---өзгелері*	
8430 41 000 2	---- кескіш тістермен (кескіштермен) және тиеуші жабдықпен жабдықталған, жебеден және айналмалы бұрғыбастан тұратын жұмыс органымен жарақталған көмір өндіруге арналған шынжыр табанды ұңғылау машиналары	дана
8430 41 000 8	---- өзгелері	дана
	--жерасты жұмыстары үшін арнайы әзірленген**	
8430 50 000 2	---тар қармағышты тазалау машиналары	дана
8430 50 000 3	--- өзгелері	дана

* ЕАЭО СЭҚ ТН 8430 41 000 1 кіші қосалқы позициясынан кейінгі кодсыз кіші қосалқы позиция

** ЕАЭО СЭҚ ТН 8430 50 000 кіші қосалқы позициясынан кейінгі кодсыз кіші қосалқы позиция

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

СЭҚ ТН коды	Позициялар атауы	Кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері (кедендік құнның пайызында не еуромен, не АҚШ долларымен)
8430 41 000 2	---- кескіш тістермен (кескіштермен) және тиеуші жабдықпен жабдықталған, жебеден және айналмалы бұрғыбастан тұратын жұмыс	2

	органымен жаракталған көмір өндіруге арналған шынжыр табанды ұңғылау машиналары	
8430 41 000 8	---- өзгелері	0
8430 50 000 2	---тар қармағышты тазалау машиналары	7,5
8430 50 000 3	--- өзгелері	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК